

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясының жанындағы (PhD) философия докторы дәрежесін беру
жөніндегі 6D040000 – Өнертану диссертациялық кеңесі бекіткен ресми
пікір білдіруші, өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а.
Крыкбаева Сара Мукашевнаның докторант Еспенова Айгерим
Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі
дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
диссертациялық жұмысына

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми және
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Еспенова Айгеримнің «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы
өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты
диссертациялық жұмысы бүгінгі күні өте өзекті тақырыптардың бірі болып
табылады. Көркем өнер тарихында сәндік-қолданбалы өнердің алатын орны
ерекше. Қазіргі Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері мәдениетіміздің өзге
салаларымен қатар дамып, өзінің құндылығын арттырып келеді.

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарға, дәстүрлі өнерімізге сұраныс артып,
сәндік-қолданбалы өнерінің әр саласы жеке дара жаңашыл өзгерістермен
қайта жандануда. Қазақстанның әлемдік өркениетпен терезесі тең дамуының
кезеңінде дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердің алатын орны айтарлықтай зор.

Сәндік-қолданбалы өнер - мәдени мұраның негізгі бөлігі. Мұнда
ұлттың материалдық мәдениеті және рухани дүниетанымы қатар көрініс
табады. Қазақ халқының мәдени мұрасы жас ұрпақтың мәдениеті мен өмірін
байытатын идеялар мен тәжірибелерге толы. Қазіргі заманауи дәстүрлі
сәндік-қолданбалы өнер көркем бейнелер мен жасалу тәсілдерінде жаңаша
материалдарға бай.

Мұрасы мен тәжірибесі мол қазақ қолөнері еліміз тәуелсіздік алған
жылдардан кейінгі даму ерекшеліктеріне өнертанушылық тұрғыдан ғылыми
талдау жасау және шеберлер шығармашылығында қалыптасқан заман
талабына сай жаңа пішін, тың мазмұнмен баюы заңдылық.

Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен
жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелерін арқау еткен зерттеу жұмысы
мемлекеттік бағдарламалардың аясынан ауытқымай, сонда көрсетілген басты
талаптарға жауап береді. Демек, қазақ мәдениетінің аса маңызды саласы
ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің бүгінгі даму бағытын ғылыми тұрғыдан
саралау зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Жұмыста қазіргі Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр
мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері, жаңа формадағы көркем

туындылар мен шеберлер шығармашылығындағы интерпретациялар, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері сарапталады. Ізденуші үнемі даму мен жаңару үстіндегі халықтық өнердің терең зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелерін алға тартып отыр. Осы тұрғыдан алғанда бұл докторлық диссертация тақырыбының өзектілігін білдіреді. Сондықтан, бұл зерттеу жұмысы қазақстанның өнертану саласы үшін де құнды дүние болып табылады деп есептеймін.

2. Диссертацияға қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптары шегіндегі өзектілігі

Диссертанттың зерттеп отырған жұмысының, ғылыми деңгейі, рәсімделуі, мазмұны, жаңалықтары, қорғауға ұсынылатын нәтижелері мен тұжырымдары 6D041600 – Өнертану мамандығына және Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді. Максаттары мен міндеттері ғылыми тұрғыда толық негізделген. Ғылыми және теориялық түйіндері дәлелді, жұмыстың құрылымы жүйелі, жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидалары толық жұмыс.

Ізденуші А. Еспенова зерттеуде қазіргі қазақ көркем өнеріндегі сәндік-қолданбалы өнерді өнертанушылық тұрғыдан талдау, ғылыми жүйелеу әдістерін қолдану арқылы мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1-ші ғылыми нәтиже. Өнердің объектісі ретінде алынған сәндік-қолданбалы өнердің «дәстүр», «жаңашылдық», «сәнді», «қолданбалы» түсініктеріне ғылыми-теориялық анықтама берілген;

2-ші ғылыми нәтиже. Сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық-көркемдік ерекшеліктері қолөнердегі пішін, бейне, материал ретінде қарастырылып, оның көркемдік стильдері айқындалды. Дәстүрдің даму орталығы эстетикалық, рухани-адамгершілік, ұлттық этикалық құндылықтардың қазіргі заманауи шығармашылықта жаңаша ұғынылуы қарастырылған;

3-ші ғылыми нәтиже. Дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердегі кеңістік пен уақыт құрылымының көркемдік шешімінің символдық маңызы айқындалған;

4-ші ғылыми нәтиже. Қазақстанның қолөнерінің дамуы дәстүрлі әдістер мен формалаудағы жаңашыл ізденістердің өзара байланысы арқылы, сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнердің дамуының кезеңдері инновациялық ерекшеліктері тұрғысында қарастырылған;

5-ші ғылыми нәтиже. Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінде дәстүр мен жаңашылдық материалдық, көркемдік шешімдеріндегі сабақтастығы айқындалды және олардың қазақстан сәндік-қолданбалы өнеріндегі жаңаша тенденциялары ашылған;

6-ші ғылыми нәтиже. Қазіргі сәндік-қолданбалы өнері әлемдік тәжірибелерді заманауи өнер туындыларына пайдалану және қазақ дәстүрлі өнерді жасаушы жас өнер шеберлерінің туындыларына талдаулар жасалынған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Зерттеу нысанына алынған тақырыптың тарихы шолу жасай отырып түйін жасау – ізденушінің шынайы және көңілге қонымды, жаңа тұжырымдар мен нәтижелер ұсынуына мүмкіндік берген. Диссертанттың ұсынып отырған қорытындылары мен нәтижелерінің ғылыми негізі берік, өзінің тақырыбына қатысты ғылыми еңбектердің көпшілігін жете қарастырған. Сол арқылы дәйекті шешім, орынды ғылыми тұжырымдар ұсына білген. А. Еспенова өзге ғалымдар мен зерттеушілердің ой-пікірлерімен шектелмей, өзіндік көзқарасын да білдіріп отыруы, ол пікірлердің өнертану ғылымында қалыптасқан ортақ ұстанымдарға қайшы келмейтіндігі – бұл еңбекті жоғары бағалауға мүмкіндік береді.

1-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Дәстүр мен жағашылдықтың өзара байланысы туралы теориялық ой қазіргі заманауи көркем үдерісті және беру механизмдерінің жалпы дамуының негіздерін түсінуге, тарихи тәжірибені, мәдени жадыны, ұлттық көркем ойды және мифопоэтикалық қорды шығармашылық қайта пайымдауға ықпал ететіні анықталған;

2-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің эстетикалық-көркемдік ерекшеліктері формалармен, материалдармен, белгілермен және символдармен байланысты қазіргі заманғы үрдістерді өз бірлігінде ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін айқындай отырып, заманауи үдерістері айқындалған;

3-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Дәстүрлі өнердің кеңістіктік және уақыттық құрылымының көркемдік шешімі, тұрақты бейнелер мен мифомотивтер ұлттық-мәдени дәстүрдің маңызды элементтері болып табылатынын айқындап, бұл оны ұлттық болмыстың қоғамдық құндылығы ретінде сақтау мен дамытуға мүмкіндік беретінін зерттеген;

4-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Қазақ халқының рухани-материалдық мұрасы Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің дәстүрлерін байытып, заманауи өнердің формальды, техникалық мүмкіндіктерін түсінудің шекарасын кеңейтуге, мифопоэтикалық мәнер мен образдарға белсенді және жемісті қарауға ықпал ететінін сараптаған;

5-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Қазақстанның қазіргі заманауи өнерінде дәстүрді шеберлер олардың қызметін шектейтін канон ретінде қабылдамайды, керісінше шығармашылықты игеру, мұралардың түрленуі, туындының формальды әралуандығы мен мағыналық тереңдігін дамыту үшін негізгі алаңы ретінде қабылдайтыны сарапталған;

6-жаңалықтың дәйектілік деңгейі. Дәстүр интерпретациясы жаңашыл ізденістерде постмодернистік бейнелілікпен, интертекстуалдықты, дәйексөздікті, бриколладжы, деконструкцияны, формалармен ойынды коса алғанда, сондай-ақ, sustainability және экологиялық жалпы бағыттарымен байланысына талдау жасалған.

Осыған орай, А. Еспенованың зерттеуі мен зерделеуі, талдауы мен жүйелеу нәтижелерінде ұсынған тұжырымдары мен түйіндері, қорытындылары дәлелді және дәйекті деп санаймыз.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысының кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, зерттелу деңгейі, алдына қойған мақсаттары мен міндеттері, деректілік негізі мен ғылыми жаңалығы, теориялық және әдістемелік негіздері, тәжірибелік маңызы мен қорғауға ұсынған негізгі тұжырымдамаларын анық, айқын көрсете білген. Диссертанттың зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми жаңалықтары мен талдаудан түйген қорытындылары ғылыми дәлелді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұтастығына негіз болған. Негізгі үш бөлімнен, әр бөлім екі тараудан, кіріспе мен қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұратын диссертациялық жұмыстың құрылымы біртұтас. Негізгі бөлімдер бір-бірімен байланысып, бірін-бірі толықтырып тұр. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс – бас-аяғы тұтас, зерттеу мақсаты мен міндетін толығымен орындап шыққан, құрылымы жүйелі, аяқталған еңбек.

Диссертацияның негізгі мәтіні компьютерлік терілімде 130 бетті камтиды, ғылыми еңбектер, монографиялар, журналдар мен ғылыми басылымдардан тұратын жалпы саны 156 еңбек пайдаланылған. Зерттеу нәтижесінде алынған әрбір тұжырым, нәтижелері өзара сабақтасқан жүйелі ғылыми көзқарасты ұсынады.

Жұмыстың кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, зерттеушінің алдына қойған мақсат мен міндеттері, жаңалықтары және т.б. қарастырылған. «Сәндік-қолданбалы өнерді зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілері» деп аталатын **бірінші бөлімде** қарастырған «Дәстүр мен жаңашылдықтың теориялық-әдіснамалық алғышарттары» атты 1.1 тараушасында дәстүр мен жаңашылдық ұғымына кең ауқымда түсініктеме беріп өтеді. Әлемдік өнертану, мәдениеттану, философия, әдебиет және басқа да салалардағы зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәнін ашып көрсетеді. «Сәндік-қолданбалы өнердің көркемдік-эстетикалық пайымдалуы» атты 1.2 тараушасында қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің көркемдік шешімдерін қарастырады. Сәндік-қолданбалы өнерінің көркемдік-эстетикалық мәні мен мазмұнын ою-өрнек желілері, түстік үндестік, шығармашылық әдістертердің айқындайтыны анықталады.

«Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихи қалыптасуы мен дамуы» атты **екінші бөлімде** «Уақыт пен кеңістік қатынасындағы сәндік-қолданбалы өнер» атты 2.1 тараушасында қазақ сәндік-қолданбалы өнеріндегі уақыт ширегін хронологиялық шешімде жазып шыққан. Елімізде алғаш ұйымдастырылған сәндік-қолданбалы өнер көрмелері, шеберлер мен туындылары негізге алынған. Осы бөлімнің 2.2 тараушасы «Қазақ сәндік-

қолданбалы өнерінің тарихи сананы жаңғыртудағы орны мен рөлі» деп аталады. Бұл тараушада қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихи даму негізін сақтаған шеберлер Д.Шокпаров, Ж.Үмбетов, А.Иханова, Р.Бердімбетов, А.Назарқұл, Ә.Ахметов, М.Мәмбетақынов, С.Рыстан, А.Мұқажанов, С.Бультрикова сынды шеберлердің шығармашылығы қарастырылған, туындыларына таудаулар жүргізілген. Зерттеулер мен талдаулар нәтижесінде тарихи сананы жаңғыртуда сәндік-қолданбалы өнердік өзіндік орны мен рөлі айғақталады. Ежелгі көшпелілердің символдық-танбалық жүйесіне дәстүрлі өнер шеберлерінің тәжірибесін, Ұлы дала өнерінің құндылығын арттыру басымдылығы қайта ойластыру мен трансформациялау қазіргі таңда дәстүрлерді өзектендіруді жүргізетіні баяндалады.

Зерттеу жұмысының үшінші бөлімі «Заманауи қазақ сәндік-қолданбалы өнердегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы» деп аталады. 3.1 «Дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердің заманауи мәдени кеңістіктегі жаңаша көрінісі» деген тараушада жан-жақты талқыланған дәстүрді сақтай отырып, соның негізінде өзінің туындыларындағы жаңашылдығымен көзге түскен шеберлер шығармашылығы зерттеу нысанына алынады. Мұнда З.Мұхамеджан, С.Бапанова мен Ә.Бапанов, Қ.Жақыпов, М.Муканов, А.Қырықбаева, Г.Джураева сынды шеберлер шығармашылығы талдауға алынған. «Заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі жаңаша ізденістер мен тенденциялар» атты 3.2 тараушасында сәндік-қолданбалы өнеріндегі жаңаша ізденістер мен тенденциялар айқындалған. Мұнда, М.Нүрке, Б.Досжанов, А.Ермаханбетова, С.Баширов, А.Мустафаев, Б.Жетпісәлиев, А.Арғымбаева, М.Абдыкеримов, Қ.Шапабаев шығармашылығын зерттеуге ала отырып, Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық сәндік-қолданбалы өнер үшін стилистикалық әртүрлілік, түрлердің шекарасының кеңеюі және күрделі интертекстуалды құрылым тән екендігін анықтаған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселен, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен пайымдаулары дәлелді және көкейге қонымды. Сондай-ақ, сәндік-қолданбалы өнерінің жекелеген суретші шеберлерінің шығармашылығын зерттегенде, қазақ қолөнерінің тарихы мен қалыптасуы туралы ғылыми еңбектер жазғанда көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырым, түйіндер қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы, әсіресе Тәуелсіздік кезеңіндегі даму тенденцияларын зерттеу барысында көп көмегі тиеді деп ойлаймыз. Докторант А.Еспенова өз жұмысында алдыңғы буын зерттеушілері жазған ғылыми еңбектер мен дерек көздерін нақтылы қарастырғанын ескерсек, ұсынылған негізгі тұжырымдары жоғарғы оқу орындарындағы арнаулы курстар мен семинарларда көмекші оқу құралы ретінде қызмет атқарады.

7. Диссертацияның негізгі тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындыларының жарияланымда расталуы.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда және Scopus-тың ақпараттық базасына кіретін журналында талап бойынша мақалалары жарияланған. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-теориялық және республикалық конференцияларда баяндалған. Диссертацияның негізгі мазмұны зерттеушінің баспасөзде жариялаған ғылыми мақалаларында баяндалған (барлық саны – 8).

8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Андапта диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымымен толық сәйкестендірілген, негізгі зерттеулер ғылыми тұжырымдармен рәсімделген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, диссертанттың алдағы уақытта көңіл аударатын мәселелері де бар:

1-ескерту. Әр тарау соңында алынған тұжырымдар мен нәтижелерді әлі де болса толықтыра түсуі қажет;

2-ескерту. «Заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі жаңаша ізденістер мен тенденциялар» деп аталатын екінші тараудың екінші бөлімшесінде Батыс еуропалық зергерлік өнердегі үдерістер жазылған. Осы тұста оны қазақ зергерлік өнеріне қатысты қарастыруды қажет етеді.

Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Докторант Айгерим Еспенова «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациялық жұмысы зерттеу ауқымының кеңдігімен, қол жеткізген нәтижесінің нақтылығымен, ұсынылған тұжырымдарының ғылыми негізделуімен құнды болып есептеледі. Жоғарыда айтылған бірер ескертпелер болмаса, тұтастай алғанда диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған.

Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, докторант Айгерим Еспенова 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми пікір беруші:

өнертану кандидаты,

ҚР мәдениет саласының үздігі,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық

университетінің қауымдастырылған

профессоры м.а.



Қолы С.М. Крыкбаева

Подпись

Растаймын: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті персоналды басқару бөлімі

Заверено: Отдел по управлению персоналом Казахского национального женского педагогического университета